bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР**

# Adobe Potoshop мәтіндермен жұмыс.

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 19.10.2020 | https://bilimger.kz/83402/ |

---

| | |
|---|---|
| **Сабақ тақырыбы** | Adobe Potoshop мәтіндермен жұмыс. |
| **Модуль /пән атауы** | Компьютерлік графика |
| **Дайындаған педагог** | Г.С.Ақнұржанова |
| **Күні,айы,жылы** | |
| **1.Жалпы мәліметтер Курс, оқу жылы, топ** | ІІІ курс, 301 топ 2020 жыл |
| **Сабақ типі** | Жеке жұмыс |
| **2. Мақсаты, міндеттер** | Adobe PhotoShop бағдарламасында жұмыс орындауда шығармашылық қабілеттерін дамыту, кәсіби бағытқа даярлау Тәжрибе барысында компьютерде безендірулерді жасау арқылы эстетикалық тәрбиеге үйрету. Өз бетімен жұмыс жасауда ұқыптылық, еңбекқорлық, жинақылық, шапшаңдық қасиеттерін тәрбиелеу. |
| **2.1 Оқу сабақтары барысында білім алушылар игеретін кәсіби біліктердің тізбесі** | Білім алушыларға мәтінмен жұмыс жасату арқылы теория жүзінде алған білімдерін практикамен ұштастыру.**.** |
| **3. Сабақты жабдықтау** | Дербес компьютер, интерактивтік тақта, слайд |
| **3.1 Оқу—әдістемелік құрал—жабдықтар, анықтамалық әдебиеттер** | Ноутбук,компьютер, компьютерлік графика кітабы |
| **3.2 Техникалық құралдар, материалдар** | **Adobe Photoshope ба**ғдарламасы, слайд,тапсырмалар |
| **4. Сабақтың барысы Ұйымдастыру** | Студенттерді түгендеу. Кабинет жағдайы, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.<br>**Сабақтың өту барысы: Кіріспе сөз**.<br>1.Үй жұмысын қайталау. «Балалар бөлмесі» Adobe PhotoShop құрал-саймандарын заттардың арттарына жасырып қойыпты.<br>2. «Асхана бөлмесі» Жасырынған құрал-саймандарды табу.<br>3. «Тапқыр достар» Шығармашылық жұмыстары.<br>4. «Кім жүйрік?» Тест жұмысын орындау. |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

<table>
<tr><td>Үй тапсырмасын сұрау Өткен тарауларды қайталау.</td><td>«Балалар бөлмесі» Adobe PhotoShop құрал-саймандарын заттардың арттарына жасырып қойыпты Құрал-саймандарды тауып, атауларын қазақ-орыс тілдерінде жазуымыз керек.

<table>
<tr><td>Құралдар</td><td>Қазақша атауы</td><td>Құралдар</td><td>Қазақша атауы</td></tr>
<tr><td></td><td>Тікбұрышты облыс</td><td></td><td>Орынын ауыстыру</td></tr>
<tr><td></td><td>Эллипс типті облыс</td><td></td><td>Сиқырлы таяқша</td></tr>
<tr><td></td><td>Магнитті лассо</td><td></td><td>Қылқалам</td></tr>
<tr><td></td><td>Көпбұрышты лассо</td><td></td><td>Қарындаш</td></tr>
<tr><td></td><td>Кадрлау</td><td></td><td>Бояуы бар шелек</td></tr>
<tr><td></td><td>Қайта келтіру кисть</td><td></td><td>Жарықтағыш</td></tr>
<tr><td></td><td>Қою құралы</td><td></td><td>Қараңғылатқыш</td></tr>
<tr><td></td><td>Түсін ауыстыру</td><td></td><td>Көлденең мәтін</td></tr>
<tr><td></td><td>Клондаушы штамп</td><td></td><td>Түстерді өлшеу</td></tr>
<tr><td></td><td>Өшіргіш</td><td></td><td>Көлемін үкейту.</td></tr>
<tr><td></td><td>Қол</td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td></tr>
<tr><td>Жаңа сабақ</td><td>Photoshop программасы бейнелерді өңдеуге арналғанымен, ол горизонтальды, вертикальды тексттік жазу мүмкіншілігі өте жоғары. Әрбір жаңа текст үшін жаңа қабат ашылады. Сондықтан текстпен жұмыс істеу алдында Терезе – Қабатты көрсету панелін шақыру керек.<br>Мәтін құру — Баспа батырмасын басып, ашық тұрған кітап суреті бар батырмасын басып, мәтін басталатын парақтың жеріне шерту керек. Ашылған панельде Өлшем, Түс, Шрифт, керекті мәтінді енгізіп, + батырмасын шерту керек.<br>Мәтінді көшіру — ол үшін + батырмасын шертіп, мәтінге тышқанды апарып, оны жаңа жерге орналастыру керек.<br>Келесі мәтінге өту үшін Қабаттар панелін шерту керек.<br>Мәтінді көшіру – Қабаттар – Жаңа – Көшіру арқылы қабат. Көшірме оригинал тұрған жерге орналасады, оны Е кнопкасы арқылы басқа жерге көшіреміз.<br>Қабаттағы бүкіл текстті өшіру – керек мәтінді тышқанның оң батырмасын басып Қабаттар панелінен – Қабаттарды өшіру командасын орындау керек. Мәтін – маска бейнеге символдар контурын қосады.<br>Мәтін — масканы қолданбас бұрын мөлдір емес қабат құру керек. Қабаттар – Жаңа… Бұл мәтін – масканың ерекшелігі — оны жөндеуге болмайды, яғни егер ойлағандай қорытынды шықпаса, оны не өшіріп тастау керек, немесе қайта жазу керек.<br>BMP – файл – суреттердің, фотосуреттердің ең көп тараған растрлік форматы. Оның бейнелер көлемінің өлшемі өте үлкендігімен және өте жақсы сапасымен ерекшеленеді.<br>JPG – үлкен сығу мөлшері бар көптүсті фотосуреттер форматы. Ол түрлі-түсті емес суреттерге тиімсіз.<br>GIF — аз түсті бейнелерге арналған (256 түске дейін) графикалық формат болып табылады.<br>TIF — полиграфикалық сығылған формат, ол файлда бейнелерді сақтайды. PSD – Photoshop — та сақталған және өңделген бейне. Бұл формат көпқабатты.</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| **Алған білімді бекіту** | **1-тапсырма «Асхана бөлмесі»** Асхана бөлмесінде Дымбілмес компьютермен практикалық жұмыс орындауды бұйырыпты (деңгейлік тапсырмалар). Бұл тапсырманы орындаса Adobe PhotoShop бағдарламасының мәзірлер қатары пайда болады.<br>**Мұз арасындағы жазу**<br>1. 800x600 өлшемді жаңа құжат құрыңыз. Түс палитрасына «D» пернесін басыңыз.<br>2. Фильтр-Рендеринг-Облока<br>3. Үлкен әріптермен мәтінді жазыңыз. Ерекшелеу жасаңыз.<br>4. Выделение – Растушевка командаларын орындап, оған 3 мәнін беріңіз. Мәтіні бар қабатты сөндіріп қойыңыз.<br>5. Негізгі түсті ақ етіп, фонға #7e7e7e ашық-сұр түсті таңдаңыз.<br>6. Жаңа қабат ашыңыз. Фильтр-Рендеринг-Облока командаларын орындаңыз.<br>7. Слой-Выполнить-сведение. (Егер жасырын қабатты жоюды сұраса «иә» таңдаңыз).<br>8. Изоброжение-Повернуть холст-на 90 градусов вправо.<br>9. Фильтр-Стилизация-Ветер. Осы әрекетті қайталау үшін Ctrl+F пернелерін 7 рет басыңыз. Суретті бастапқы қалпына қайтарыңыз.<br>10. Фильтр – Резкость-Контурная резкость командаларын орындап, эффект-500, радиусы-2, порог-0 мәндерін беріңіз.<br>11. Одан соң Фильтр – Резкость- Резкость командасын 2 рет қайталаңыз.<br>12. Енді сізге түс таңдау ғана қалды. Ол үшін Ctrl+B немесе Ctrl+ U пернелерінің комбинациясынан өзіңізге керек түсті таңдаңыз.<br><br>**2-тапсырма . «Тапқыр достар» Шығармашылық жұмыстары.** Шығармашылық жұмыстары. Adobe PhotoShop бағдарламасында орындаған «БІЗ БІРГЕМЗ» атты мәтінді түрлендіріп шығару және қысқаша мағлұмат беру.<br><br>**3- тапсырма «Кім жүйрік?» тест жұмысы.**<br>**1.Photoshop бағдарламасында бейнелерді калай жуктеуге болады?**<br>a/Файл-ашу-ашылган терезеден бейнені таңдаймыз*<br>b/Файл-сактау-ашылган терезеден бейнені сактау<br>c/ Суретті кадрлеу командасы.<br>d/ Фильтр мәзірін қолдану аркылы<br>**2. Adobe Photoshop бағдарламасында фрагментті киып алу үшін нені колданамыз?**<br>a/Магнитті лассо*<br>b/өшіргіш<br>c/клондаушы штамп<br>d/қылқалам<br>**3. Трансформация командасының қызметі?**<br>a/Құжаттың режимін көрсетеді.<br>b/Қабаттың стилін көресеті.<br>c/Ағымдағы барлық іс-қимылдардың барлығының тізімін көрсетеді.<br>d/Ерекшеленген аймақтың пішінін өзгерту*<br>**4. Суреттегі артықты алып тастау үшін қандай құрал қолданылады?**<br>a/ Клондаушы штамп*<br>b/ Бөлініп алынған облыстарды бояу құралдары-Градиент<br>c/Векторлық фигураларды салуда қолданылатын құралдар<br>d/Бейнені әртүрлі масштабта қарап шығу құралы<br>**5. Гистограмма командасының қызметі қандай?**<br>a/Photoshop фильтрлары<br>b/р түрлі құжаттармен бір уақытағы жұмыс немесе әр терезеде бір құжатпен жұмыс істеу<br>c/Құжаттың режимін көрсетеді.*<br>d/қолданушыға арналған көмекші құжаттарын ашу.<br>**6. Бейнені кадрлеу қызметін қалай орындаймыз?**<br>a/Суретті кадрлеу командасы.Құралдар үстеліндегі кадрлау құралын таңдау*<br>b/таңдап алынған облыстарды көшіру, өшіру және орнату<br>c/байланысқан қабаттарда объектілерді реттеу<br>d/редактордың сыртқы келбетімен жұмыс<br>**7. Бейнеге көлеңке кірістіру үшін қандай әрекет орындаймыз?**<br>a/Ағымдағы форма облыстарын бөліп алуда қолданылатын құралдар таңдау<br>b/Қабат-Қабаттың стилі-көлеңке командасы.*<br>c/«Каналы» палитрасы каналдарды құру<br>d/«Действия» палитрасы жекелеген қимылдарды ойнату<br>8**. Фотомонтаж жасау үшін қандай құраладарды пайдалануға болады?**<br>a/Магнитті лассо, өшіргіш, трансформация.*<br>b/көшіру, біріктіру және өшіру<br>c/Бейнені әртүрлі масштабта қарап шығу<br>d/Горизонтальды мәтін,Вертикалды мәтін жазу<br>**9. Adobe Photoshop бағдарламасының файлдық кеңейтімі?**<br>a/ (*.doc,*.txt).<br>b/ (*.ppt,*.xls).<br>c/ (*.psd,*.pdd)*<br>d/ (*.ppd,*.pdd).<br>**10. Тарих палитрасы қандай қызмет атқарады?**<br>a/ Ағымдағы суретпен жасалған іс-қимылдардың барлығын тізімдеп отырады.*<br>b/ каналдарды құру, нақтылы көшірмесін алу және өшіру<br>c/ өзіңіз қалаған стильді таңдап алып, құжатыңызды толтыруға мүмкіндік беріледі<br>d/ қолданушыға түстерді таңдау мүмкіндігі беріледі. |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | |
|---|---|
| **5. Сабақ бойынша рефлексия** | **«Күн шуақтары» әдісі**<br>Тақтаға күннің суреті ілінеді. Білім алушылар қағаз бөліктері беріледі. Білім алушылар  сол қағаздарға бүгінгі сабақтан алған әсерлерін жазып күннің жанына жабыстырады. |
| **6. Үй тапсырмасы** | |

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.